

**РЕСЕЙ ИМПЕРИЯСЫНЫҢ ДӘСТҮРЛІ ҚАЗАҚ БИЛІК ЖҮЙЕСІН
РЕФОРМАЛАУЫ ЖӘНЕ ТАРХАНДЫҚ ИНСТИТУТТЫҢ ЖОЙЫЛУЫ
[РЕФОРМИРОВАНИЕ РОССИЙСКОЙ ИМПЕРИЕЙ
ТРАДИЦИОННОЙ КАЗАХСКОЙ СИСТЕМЫ ВЛАСТИ И
ЛИКВИДАЦИЯ ИНСТИТУТА ТАРХАНСТВА]**

Аннотация. Как известно, в истории Казахстана государственность и системы управления ею основывались на степной демократии. Степная демократия в системе ханства позволяла таким социальным институтам, как бии, батыры, тарханы, вмешиваться в управление страной. Царская Россия, начиная с 40-х гг. XVIII в., ввела в традиционное казахское общество средневековую систему правления, институт тарханства. В XVIII в. впервые царь присвоил первый чин тархана Жанибеку Шакшаку из племени аргын, а второй чин – Эсету Кокюлы из Тама. По словам известного ученого Е. Бекмаханова, звание тархана было присвоено видным представителям феодалов за выдающиеся заслуги перед государством. В статье анализируются особенности и преимущества института тарханства в системе традиционных казахских институтов государственной власти и проводится сравнение их с институтами султанства, батырства и бийства. Автор акцентирует внимание на упразднении института тарханства в результате реформирования традиционной системы власти царским правительством.

Ключевые слова: реформа, власть, наследство, дипломатия, реформа, султан, тарханство.

XVIII ғасыр қазақ халқы үшін ең ауыр кезеңдердің бірі болды. Ресей, Цин патшалығы қазақтардың дәстүрлі басқару жүйесіне ықпал жасауға бар күштерін сала бастады. Олар қазақтар арасына жік салып, өз қолдаушыларын көбейту мақсатында атақ-лауазымдар мен грамоталарды таратуды қолға алды.

Әсіресе Ресей империясы қазақ өлкесін отарлау саясатын жүзеге асыру үшін ондағы жергілікті ақсүйектерге арқа сүйеуге мұқтаж болды. Сондықтан да патша өкіметі жергілікті ақсүйектерді әдеттегі құнды сыйлықтармен марапаттаудан басқа, ежелден бар тархандық атақты да пайдаланды. Бұл атақ ерте кезде (VI ғасырда) түрік қағанатында, кейін Алтын Ордада болды. Халық арасында хан атағынан аспаса да, хан билігінен кем емес-ті. Тархан атағы атадан балаға берілді. Өкімет алым-салығынан босатылды. Шын мәнінде тархан лауазымы орыс өкіметінің хан мен сұлтандар, билермен байланыс жасайтын өкілі іспетті еді. Аталмыш атақ патша өкіметіне айрықша сіңірген адал қызметі үшін берілді¹.

Патшалық Ресей өкіметі XVIII ғ. 40-шы жылдарынан бастап, қазақтың дәстүрлі қоғамына ортағасырлық басқару жүйесі тархандар институтын енгізді. XVIII ғ. патша ең алғаш рет аргын руынан шыққан Шақшақ Қошқарұлы Жәнібекке тархандық лауазымның бірінші дәрежесін, тама Есет Көкіұлына екінші дәрежесін берді. Белгілі ғалым Ермұхан Бекмахановтың дерегінше, тархандық шен феодалдың көрнекті өкілдеріне мемлекет алдындағы аса бір атқарған қызметтері үшін берілген².

Қазақ тарихындағы мемлекеттілік, оны басқару жүйелері дала демократиясына негізделгені белгілі. Хандық жүйедегі дала демократиясы билеуші жанындағы билер, батырлар, тархандар сынды әлеуметтік институттардың ел билеу ісіне араласуына жол ашты.

* **АБИШЕВА Жанат Рысбековна** — кандидат исторических наук; Казахский агротехнический университет им. С. Сейфуллина; гуманитарный факультет; кафедра истории Казахстана; старший преподаватель; г. Нур-Султан, Республика Казахстан; zhanat_2511@mail.ru.

¹ Қозыбаев М. Жауды шаптым ту байлап. Алматы, 1994. 86 б.

² Бекмаханов Е.Б. Қазақстан XIX ғасырдың 20–40 жылдарында. Алматы, 1994. 112 б.

XVII–XVIII ғасырларда Ресей патшалығы империялық отарлау саясатын Орта Азияға қарай бағыттап бастады. Отарлаудың алғашқы белгілері бодандық ноктасын киген елдердің саяси жүйесі мен мемлекеттік құрылымдарын реформалау ісінен басталды. Ресей патшалығы бұл саясатты алдымен башқұрттар қоғамында жүргізді. Башқұрттарға тархандық грамотаны үкімет пайдасына елшілік мәмілегерлік тапсырмаларды орындағаны үшін берілген. Мәселен, Кіші жүз қазақтарының Ресей протектораттығын қабылдауындағы орыс елшілігінің құрамында болып, Әбілқайыр ханмен жүргізген келіссөздер мен ханның хатын Петерборға апарып келген елшілік қызметі үшін башқұрт Таймас батырға және оның алты ұлына Ресей патша үкіметі тарапынан 1733 жылы 27 сәуірде ұрпағына мұраға кететін тархан атағы берілді. Сондай-ақ 1734 жылдың 24 желтоқсанында Алдар Есенгелдинге де Әбілқайыр ханды ұлысымен Ресей империясының құрамына енгізу жөніндегі сіңірген еңбегі үшін ұрпағына мұраға кететін тархан атағы берілді.

Е. Бекмахановтың еңбегінде «Феодал басшы топқа тархандар да жатты. Тархан деген атақты XIX ғасырда орыс өкімет орындары, ал Ішкі Ордада бұл атақты феодал шонжарлардың көрнекті өкілдеріне олардың мемлекет алдында сіңірген ерекше еңбегі үшін ханның өзі берді» делінген.

Тархан деген атақ тұңғыш рет император Елизаветаның жарлығымен 1743 жылы 11 шілдеде Жәнібек батырға берілді. 1821 жылы әскери губернатор граф Эссен би Аманша Сеңгірбаев пен Жаңбыршы Саламысовты арнаулы тапсырмамен Хиуаға жорық жасағанда аянбай қызмет қылғаны үшін тархан атану дәрежесіне жеткізді¹.

Тархан деген атақ әкеден балаға мұраға болып қалуы немесе жеке өзіне берілуі мүмкін. Бірінші жағдайда тархандардың ұлдары да «тархан» деп аталды. Мысалы, жоғарыда аталған Жәнібектің баласы – Дәуіт батыр Әскери Коллегияның 1759 жылғы жарлығында тархан деп аталған. Бұл кезеңде тархандар ерекше артықшылықтар пайдаланған жоқ, олар тек салық төлеуден ғана босатылды. Тархандардың құқықтары туралы Ішкі орданы басқару жөніндегі уақытша кеңес былай деп жазды: «Олар (тархандар) егер қолдарында ханның грамоталары болса, сұлтандармен және қожалармен қатар тек алым-салықтарды төлеуден ғана босатылды, басқа артықшылықтармен пайдаланған жоқ»².

Қазақ даласын зерттеуші Я.П. Гавердовский өз еңбегінде қазақ қоғамындағы әлеуметтік бөліністі сөз ете отырып, қазақ халқы әлеуметтік жағынан екі класқа яғни ақсүйек және қара сүйек болып бөлінетіндігін айтады. Бірінші класқа хан тұқымдарын: сұлтандар, старшындар, тархандар және қожалар жататындығын және рубасшылары осылардың арасынан сайланатындығын сөз етеді. Олар ең алдымен ордадағы ең ауқатты және бірқатар артықшылықтарға ие болды. Ал қарасүйек тобынан би, батырлар шығып отырған.

Патша үкіметі қазақ қоғамына да тархандық атақ беру тәжірибесін енгізуге болатынын түсініп, таңдауы би-батырлар ішінен Орта жүздің Арғын руының ру басы Шақшақ Жәнібек Қошқарұлы мен Кіші жүздегі Жетірулықтардың ру басы Тама Есет Көкіұлына түскен. 1742 жылдың 26 тамызында Шақшақ Жәнібекке тархан лауазымы берілді және ол ұрпақтан-ұрпаққа берілетін тархандық еді. Яғни тарханның баласы да тархан атанып, әкесінің тархандық құқықтық лауазымын пайдалану құқығына ие болды. Мысалы, Жәнібек тарханның немересі Мұса Дәуітбайұлы да мұралық жолмен тархан атағын алса, Жәнібек тарханның шөбересі Шеген Мұсаұлы 1848 жылдың желтоқсан айында мұралық жолмен берілуге тиісті тархандық атағын беруін сұрағанымен, патша үкіметі оған тархандық атақ бермеді³. Патша үкіметі 1743 жылы 3 шілдеде Кіші жүзден Тама Есетке тархан атағын берді.

¹ Бекмаханов Е.Б. Қазақстан XIX ғасырдың 20–40 жылдарында. 92 б.

² Сонда. 103 б.

³ Мұқтар Ә., Ахметова Ұ. Әбілқайырдың өлімі хақында // Қазақ тарихы. 2000. № 6. Б. 16–18.

1755–1756 жылғы башқұрттардың ұлт-азаттық көтерілісіне дайындық кезінде башқұрт көтерілісін ұйымдастырушылардың бірі Бурзян болыстығының старшыны – Бекболат Арқаев қазақ тарханы – Тама Есет бастаған Жетірулықтар ауылдарымен байланысып, қазақ-башқұрт бірлесіп патша үкіметіне қарсы көтеріліске шығуға өзара кұпия келіссөздер жүргізді. 1755 жылы башқұрттың атақты тарханы Жұмағазының ұлы Бердіғұл тархан өзіне қарасты 100 қосын отбасымен Жетірулықтар аулына келген. 1756 жылы патша үкіметі Бердіғұл тарханды ұстап әкетеді. Орынборда жүргізген «тергеу» кезіндегі азаптан башқұрт тарханы қаза болған¹.

1755–1756 жылдардағы башқұрттардың ұлт-азаттық көтерілісін басқан патша үкіметі 1757 жылы арнайы көтерілісті ұйымдастыруға қатысқандар мен күдіктілерді ұстап жазалауға бұйрық түсіреді. Мұнан кейін көп ұзамай қайтыс болған Есет тарханның қазасына патша үкіметінің қатысы болуы әбден мүмкін.

Орта жүз бен Қытай арасындағы оң қарым-қатынасты білген патша үкіметі оны қайткенде де бұзуға тырысты. Патша үкіметі қалайда қазақ-қытай қатынасын бұзу үшін, Абылай сұлтанға ақшалай, заттай сыйлықтар беру арқылы Қытай жағынан бас тартқызуды, Кіші жүз ханы Нұралыны Қытайға қарсы соғыс ашуға көндіруді А. Тевкелевке тапсырған. Осындай саясаттарын іске асыру мақсатында, тархан атағын беруді одан әрі дамыта түсуіне байланысты, патша үкіметі 1759 жылғы 9 қаңтарда Дәуітбай Жәнібекұлына тархан атағын берді. Тархандық институтты пайдаланып, саяси ықпал ету арқылы өз мақсаттарын жүзеге асыруды көздеді.

1760 жылы генерал-майор Вейморн Орта жүздегі Атығай Құлсары тарханнан Қошқарбай батыр тұтқындап отырған Ресей адамдардарын босатуға көмектесуін сұраған. Құлсары тарханға қытай мен монғол әскерлерінен төніп тұрған қауіп болса, бүкіл Орта жүзді патша үкіметінің қорғайтынын жеткізген. Бұл мәліметтер Құлсары тарханның қазақ-орыс қатынастарында тархандық грамотасын еркін пайдалануына мүмкіндіктер ашқандығын ал, патша әкімшілігінің қазақ-орыс қарым-қатынас мәселелерін тархандар арқылы шешуді ұйғарғандарын көрсетеді.

Патша үкіметі тархан атағын жергілікті жерден шыққан, империяның шебінде қызмет ететін ең адал және беделді адамдарға берді. Қазақстанда тархандар патша үкіметінің пайдасына қызмет атқарған жоқ олар қызмет етуші адамдар емес еді. Патшалық үкімет Қазақстанда отарлау және басып алу саясатын жүргізе отырып, келешекте Ресейге пайда әкелуі мүмкін ірі әрі ықпалды қазақ феодалдарына тархан грамотасын берді. К.Н. Рычков қазақ қоғамында «Тархан лауазымы бар... бұл князь дәрежесімен тең келеді» деген мәлімет береді².

XVIII ғасырдың ортасынан бастап патша үкіметі Қазақстанда тархан атағын беру тәжірибесін бастады. Тархан хаттарымен марапатталған алғашқы қазақтардың ішінде өз заманындағы Жәнібек батыр мен Суфрабий сияқты белгілі тұлғалар болғандығын жоғарыда атап өткен едік. Орынбор әскери губернаторы Эссен 1821 жылы тархан атағын атақты билер Аманшы Санғырықов пен Жанбырша Саламасовтың Бұхарды жаулаудағы ерекше белсенділігі үшін берілді.

Қазақ тархандары салықтар мен қызмет көрсетуден босатылды, оларға дене жазасы қолданылмады. Тархан атағын ұрпақтарына беру құқығы жоқ адамдарға берілді. Орынбор әскери губернаторы Сухтеленнің 1831 жылғы 29 ақпандағы бұйрығына сәйкес старшина Балтақыр руынан шыққан Бекболат Бекболовқа тархан атағын беру туралы «ол барлық жеке салықтардан, қызметтік және жазадан құтылады» деп жазылған³.

¹ Исенов Ө.Ы. Қазақ қоғамындағы тархандар институты тарихы (XVIII-XIX ғғ.): Тарих ғылым. кандид. ғыл. дәрежесі ... дис. авторефераты. Орал, 2009. 19 б.

² Зиманов С.З. Общественный строй казахов первой половины XIX в. Алма-Ата, 1958. С. 127.

³ Там же.

1842 жылы тархан Бекболов отаршылдық билікке тархан атағын оның ұрпақтарына ең болмағанда ең кіші ұлына мұра етіп беру туралы өтініш білдірді. Бұл өтінішті қарастырған, Сыртқы істер министрлігінің Азия департаменті келесі түсініктеме берді: Тархан атағы «үкіметке көрсеткен ерекше қызметі үшін» марапатталады, ал Бекболовтың балалары мұндай жетістіктерге жете алмады, сондықтан сұрау қабылданбайды.

Қазақстан тарихында жекелеген жағдайлар яғни патша укіметінің бұйрығымен берілген тархан атағы кейін оның ұрпақтарына беріліп отырды. Мысалы, Арғын руын басқарған атақты би Шешен Мусин 1844 жылы Шекара комиссиясына оның арғы атасы Жәнібек, атасы Даутбай, Мұсаның әкесі тархан болғанын хабарлайды. Алайда, хатта тархан атағы мұрагерлік жолмен беріледі дегенімен, атақтың Жәнібектен оның ұрпақтарына үздіксіз берілуі екіталай. Даутбай – қазақ даласындағы ең ірі феодалдардың бірі болды. К.Н. Рычков Даутбай атты феодалды жазғанда, осы атақты тархан Даутбай болса керек. Осылайша бұл жерде мұрагерлік жолмен берілген тархан атағы емес, патша укіметіне еңбегі сіңген, ерекше қызметіне берілген атақ туралы айтылады¹.

XIX ғасырға дейін қазақ хандары өз күштерімен тархан атағын бере алмады. Хандық биліктің мүддесі үшін алғаш рет тархандық институтты қолдана бастаған – Ішкі Орданың ханы Жәңгір болды. Ол осы атақты оған адал болған рубасыларына берді. Тархандардың жеке құқықтары Жәңгір ханның грамоталарымен анықталды. Тархан атағы мұрагерлік жолмен ер адам ұрпағына берілді. Тархандар ауыр жазадан, салық төлеуден босатылып, ханның ерекше ықыласы мен қолдауына ие болды. Олардың құқықтық мәртебесіне сәйкес тархандықтар сұлтанға теңестірілді.

Осындай грамоталардың бірі, 1842 жылы Жәңгір ханның Табын руының старшинасы Исенбай Ходжабековке берген: «Құдіретті құдайдың және бүкіл Ресей императорының атынан, мен, генерал-лейтенант және кавалер, Қырғыз-Қайса ордасының кіші ханы, Орал даласында көшіп-қонып жүрген, төменгі Орал мен Астрахан даласының арасында мен өзімнің хандық грамотамды қол астымдағы Табын руының өкілі Кенжебаевқа, қырғыз старшинасы Исенбайға, баласы Ходжабековке маған адалдық танытқаны үшін, халықтың мүддесі мен Ордаға қалтықсыз қызмет еткені үшін мұрагерлік жолмен хан грамотасын беремін» деген мәліметтер келтірілді.

Бөкей ордасында тархан тобының құрылуы қызықты оқиға болды. Жоғарыда атап өткендей, қазақ хандары өздеріне бағынатын феодалдарға тархан атағын беру құқығын пайдаланбады. Тархандық институтының пайда болуы, негізінен, «ақ сүйек» өкілдерімен белгілі рулардың бірігуі нәтижесінде қалыптасты.

Ішкі Ордада тархандар саны жағынан өте көп болды. XIX ғасырдың екінші жартысында Талов ордасының бір бөлігінде 125 тархан болды. Олардың қатарында ноғайлар тұқымынан шыққан Тархан Хайрулла, Губайдулла, Гатаулла, Ғабдрахман, Мұхамедқали сияқты ірі мал иелері болды, олардың әрқайсысында басқа мал түрлерін есептегенде 500-ден астам жылқы және 1 000-нан астам қой болған. Сондай-ақ шағын тархандар да болды, бірақ олар ең жақсы жайылымдық жерлерге ие болды.

Тархандар шаруашылығының басым бөлігінде малдың барлық түрлері болған. Тархандардың 25 пайызы ірі мал иелері болды (олардың 500 немесе одан да көп бас мал болған). Алайда, Ішкі Орда Қазақстанның малға бай аймағына жатпағанын ескеру керек. Жайылымдық жерлердің болмауы көшпелі мал шаруашылығында белгілі бір із қалдырды. Тархандардың негізгі бөлігі салыстырмалы түрде бай және ауқатты мал иелерінен тұрды.

Жәңгір хан өзінің тархандарына ең жақсы әрі кең жерді сыйға тартты. Бұл тархандарға ұсақ және жерсіз көшпелі мал өсірушілерді пайдалануға мүмкіндік берді. Көптеген тархандар жергілікті билік органдарында, әсіресе ауыл қауымдастықтарында

¹ Зиманов С.З. Указ. соч. С. 136.

ресми хандық қызметте болды. Тарханның кейбір шаруашылықтары көбінесе тархандардың кедей туыстары болған байғұстың еңбегін пайдаланды. Тархандар жеке артықшылықтарға ие болып қана қоймай, сонымен бірге өндіріс құралдарына меншік құқығында және шаруалардың еңбегінің нәтижелерін иемденуде кең құқықтарға ие болды.

XIX ғасырдың үшінші ширегінің аяғында тархандық институты Қазақстандағы қоғамдық үрдісте өмір сүруін тоқтатты. Патша үкіметі қазақ халқының өз лауазымдарына тыйым салғаннан кейін, оларға арнайы құқықтар мен артықшылықтар беру негізінде ірі жергілікті ақсүйектердің өкілдерін тартудың қажеті болмады және бұл тәжірибеден бас тартты. Тархан әулетінің соңғы қалдықтары сол кезде жоғалып кетті. Тархандардың қалыптасуына себеп болған жағдайлар туындамады және осы атақтың соңғы иегерлерінің қайтыс болуымен тархандық тұтастай алғанда тоқтатты. 1869 жылы Басқарушы Сенат тархандардың құқықтары туралы түсіндірме бере отырып, олардың «қазір мүлдем жоғалып кеткен атау» екенін атап өтті¹.

1867–1868 жылғы реформа нәтижесінде дәстүрлі басқару жүйесі жойылған соң тархандық атақты берудің қажеті болмай қалды. Сенат 1869 жылы жарлығымен тархандық атақты беруді мүлдем тоқтатты. Тархандар қазақтардың башқұрттармен және қалмақтармен екі арадағы шиеленіскен өшпенділігін басуға белсене қатысты. Сол еңбегі үшін олар өздерінің отбасы мүшелерімен қоса мемлекетке алым-салық төлеуден босатылды. XIX ғасырдың орта кезіне қарай тархандардың қатары азая бастады. Бұл кезде Қазақстанда тархан атағы бар 20 адам ғана қалды.

Қазақтармен қарым-қатынас жасауда Ресей патша үкіметінің қазақ даласында өздерінің берік құрылымдарын орнатуды көздеген саяси мақсаттары еш нәтиже бермеді. Бұл жөнінде Кросовский: «Орыс үкіметі тарапынан жасалған шаралардың барлығы орыс үкіметінің қазақ даласын басқаруға дәрменсіздіктерін көрсетті. Әр уақытта қақтығысқа соқтырып отырды. Оларды татуластырудың орнына, қазақ руларының арасына араздық отын тұтатып отырды» деген пікір білдірді.

Ресей патша үкіметінің қазақ қоғамының дәстүрлі әлеуметтік институттар жүйесіне енгізген тархандық институт патша үкіметі тарапынан енгізілген әлеуметтік институттарының алғашқыларының бірі болды.

Демек, XIX ғасырдың 40-жылдары Орынбор шекара комиссиясының тапсырмасы бойынша қазақтардың жекелеген әлеуметтік топтары – сұлтандардың, билердің және тархандықтардың жағдайы зерттелді. Арнайы тапсырмаларды зерттеушілердің бірі, шенеунік d'Andre Шыңғыс ұрпақтарының қазақтар арасындағы орнын анықтайды. «Орта Орданың батыс бөлігіндегі барлық сұлтандар өздерінің шығу тегін Шыңғыс ханнан шыққан деп санайды, бірақ шежіренің көптеген тұсы белгісіз. Ақ сүйектен шыққанын дәлелдеу үшін 3 тен 6 атаға дейінгі өздерінің шығу тегін біледі. Ордада Шыңғыс хан ұрпақтары өздеріне тиесілі аз артықшылықтарды қолданды». Халықтық мәселелерді қарау немесе шешу кезінде сұлтанның дауысы қырғыздардың басқа да дауыстарымен тең дәрежеде қабылданды.

XIX ғасырда тархан атағын Ресей билігі берді, ал Ішкі Бөкей Ордасында мемлекет алдындағы ерекше қызметі үшін феодалдық ақсүйектердің көрнекті өкілдеріне хан берді. Тархан атағы мұрагерлік немесе жеке болуы мүмкін. Бірінші жағдайда тархандардың ұлдары да «тархандар» деп аталды. Қарастырылып отырған кезеңде тархандар ерекше артықшылыққа ие болмады, олар тек салық төлеуден босатылды.

Тархандардың құқығы туралы Ішкі Орда әкімшілігінің уақытша кеңесі: «Олар (тархандар) сұлтандар мен қожалармен бірге тек жеке тұлғалардың баж салығын төлеуден босатылады, тіпті хан куәліктері болса да, олар басқа артықшылықтарды пайдаланбайды».

¹ Зиманов С.З. Указ. соч. С. 148.

XIX ғасырдың бірінші жартысында тархандар әлеуметтік топ ретінде қазақтардың әлеуметтік-экономикалық өмірінде маңызды рөл атқармады. XIX ғасырдың ортасында тархан институты жойылу қаупінде болды.

Орынбор шекара комиссиясының мәліметі бойынша тархандардың саны XIX ғасырдың 60-шы жылдары Ішкі істер министрлігі бекіткен 20 адамынан аспады. 1869 жылы Сенат отырысында тархандар мәселесі арнайы талқыланды. Сенаттың шешімінде тархан титулының жойылатындығы айтылды, сонымен бірге тарханның қалған ұрпақтарын арнайы салықтардан босатып, барлық жағдайда тархан деп атауға рұқсат етілді. Патша үкіметі тархандардың әлеуметтік статусын сұлтандармен теңестіруді қолдан жасау арқылы сұлтандар институтының күшеюіне кедері жасады. Сөйтіп, дәстүрлі қазақ қоғамының билік институттарын жойып, ресейлік басқару жүйесін енгізуге күш салды.

Деректер мен әдебиеттер

1. Бекмаханов Е.Б. Қазақстан XIX ғасырдың 20–40 жылдарында. Алматы: Санат, 1994. 416 б.
2. Зиманов С.З. Общественный строй казахов первой половины XIX в. Алма-Ата: АН КазССР, 1958. 296 с.
3. Исенов Ө.Ы. Қазақ қоғамындағы тархандар институты тарихы (XVIII–XIX ғғ.): Тарих ғылым. кандид. ғыл. дәрежесі ... дис. авторефераты. Орал, 2009. 31 б.
4. Қозыбаев М. Жауды шаптым ту байлап. Алматы: Қазақстан, 1994. 192 б.
5. Мұқтар Ә., Ахметова Ұ. Әбілқайырдың өлімі хақында // Қазақ тарихы. 2000. № 6. Б. 16–18.